

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТИ
ҚҰҚЫҚ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ №__1__ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.10. 2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – Тұрлыбеков Қ., АК мүшелері, академиялық персонал – Иманбекова М., Мергенбаев Е., Губайдуллин М., Қожамбеков Д., Алимбаева А., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Исахов Р., Турегельдиева А., АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Жадигерова А., Сайлаубек Б., Құрманбек Д., Акжігіт Г., Айдархан Ә.

Күн тәртібі:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну.
2. Жұмыс берушілермен кадр даярлау нарығына талдау жүргізу.
3. «Атамекен» білім беру бағдарламаларының жоспарын дайындау.
4. «Құқық» даярлау бағытының 2025-2027 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы жасау.
5. 6B04245 ББ бойынша аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу жұмыстарын жоспарлау.
6. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы Қ.А.Тұрлыбеков мәжілісте сөз бастап: «Құрметті АК мүшелері біріншіден сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын, бүгінгі мәжілісімізді ашық деп жариялап, негізгі сұрақтарға көшейік».

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу және 2025–2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу туралы АК төрағасы Қ.А.Тұрлыбеков мәжілісте сөз бастап, АК құрамын қайта қарау қажеттігін, жаңа мүшелерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастырды. Комитет мүшелері академиялық саясат пен Академиялық комитеттің Ережесімен танысты. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы ұсынылып, негізгі бағыттар бойынша ұсыныстар берілді.

- Комитет құрамын бекітуге жіберу;
- Жұмыс жоспарын толықтыра отырып, соңғы нұсқасын бекітуге ұсыну.
- Жұмыс берушілермен кадр даярлау нарығына талдау жүргізу.

Сөз кезегін АК мүшелері, академиялық персонал, Губайдуллин М., алды: Жауапты тұлға ретінде жүргізілген талдау нәтижелерімен таныстырды. Жұмыс

берушілер тарапынан ұсынылған дағдылар, еңбек нарығындағы жаңашылдықтар және түлектерге қойылатын талаптар талқыланды.

- Талдау нәтижелерін ББ жаңартуда пайдалану;
- Жұмыс берушілермен байланыс орнатуды әрі қарай күшейту.

Сөз кезегін АК мүшелері, академиялық персонал, Иманбекова М., алды: «Атамекен» білім беру бағдарламаларын бағалау жоспарын дайындау, «Атамекен» ҰКП талаптарына сәйкес ББ бағалау жоспарының жобасы ұсынылды. Бағалау индикаторлары, деректер жинау тәртібі мен мерзімдері талқыланды.

- Бағалау жоспарын толықтырып, бекітуге ұсыну;
- Жауапты тұлғаларға мерзімдерді нақтылап беру.

Сөз алған АК төрағасы – Тұрлыбеков Қ.: «Құқық» даярлау бағытының 2025–2026 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасын жасау. Бағдарлама жобасының мазмұны: сапа көрсеткіштері, кадрлық әлеуетті арттыру, білім беру бағдарламаларын жаңарту, академиялық ұтқырлық, ғылыми-зерттеу жұмыстары және жұмыс берушілермен серіктестік талқыланды.

- Стратегиялық даму бағдарламасын талқылау нәтижелері бойынша толықтыру;
- Құжаттың соңғы нұсқасын Академиялық кеңеске бекітуге ұсыну.

АК жұмысы ұйымдастырылып «Құқық» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік Түркістан облысы аумақтық нотариаттық палатасының төрағасы Р.Исахов, Түркістан қалалық ішкі істер басқармасының участкелік инспекторы А.Турегельдиевамен кездесіп, кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді. АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Турегельдиева-«Қазіргі таңда жас мамандарды құқық қорғау қызметтеріне дайындау, жоғары деңгейде».

Сөз кезегін АК мүшелері, академиялық персонал, Қожамбеков Д., алды: 6B04281 ББ бойынша негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу керектігін ұсынды. Жауапты бөлім өзіндік бағалау критерийлері, деректерді жинау, дәлелдеме базасын қалыптастыру және есеп құрылымымен таныстырды.

Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижелерін талдау.

Комитет қазан айында орындалған жұмыстар бойынша есепті тыңдады: өткізілген іс-шаралар, оқу процесіндегі түзетулер, ББ сапасын жақсарту бағытындағы іс-шаралар, жұмыс берушілермен кездесулер нәтижесі.

- Барлық іс-шаралар мерзімінде орындалғаны;
- Кейбір бағыттар бойынша қосымша жұмыстар қажет екені;

Шешім:

1. Академиялық комитет құрамын бекітуге ұсыну.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған АК жұмыс жоспары ұсыныстар ескеріліп толықтырылсын, соңғы нұсқасы бекітуге жіберілсін.
3. Кадр даярлау нарығына жүргізілген талдау нәтижелері ББ жаңарту кезінде пайдаланылсын.

4. «Атамекен» ББ бағалау жоспары нақты мерзімдерімен бекітілсін.
5. «Құқық» бағытының стратегиялық даму бағдарламасы толықтырылып, бекітуге ұсынылсын.
6. 6B04281 ББ бойынша өзіндік бағалау есебін әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылсын және жоспар бекітілсін.
7. Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын және ұсынылған түзетулер енгізілсін.

Мәжіліс төрағасы:



Тұрлыбеков Қ.

Хатшысы:



Мергенбаев Е.